



# АЗЫҚТЫҚ МИНЕРАЛДЫ ҚОСЫНДЫЛАР


Орындаған: Сейткалиева Г, Ташинова Д.

Тексерген: Омарова Қ.М

**Минералды азық** – малға қосымша азық ретінде берілетін табиғи және қолдан жасалынатын өнім. Жемшөпте натрий мен хлор аз болатындықтан, малды, көбіне ас тұзымен үстеме қоректендіреді. Кальцийлі үстеме қоректерге – бор, травертин, сүйек ұны, ағаш күлі, гипс, т.б. жатады. Жемшөп мөлшерінде кальций мен фосфор тапшы болса, азықтық фосфаттарды пайдаланады (фторсыз фосфат, преципитат, сүйек ұны, т.б.). Малға Минералды азықты ұнтақталған тамыржемісті өсімдіктерге, сүрлемге, жемге араластырып береді. Минералды азық құрама жемнің ішінде де болады

# Азықтық минералды қосындылар






Азықтың минералдық қоректілігін биологиялық тұрғыдан тіршілікке қажетті, яғни биогенді, минералдық элементтердің мөлшері (жеткіліктілігі мен арақатынасы) бойынша бағалайды. Биогенді, яғни зат алмасудағы қызметтері анықталған минералды элементтерге кальций, калий, натрий, магний, фосфор, күкірт, хлор, темір, мыс, мырыш, марганец кобальт, йод жатады. Бұлардың алғашқы жетеуі азық және мал денесінде көп мөлшерде (кг/г) кездесетіндіктен макроэлементтер деп, ал одан кейінгілері аз мөлшерде (кг/мл) кездесетіндіктен микроэлементтер деп аталады.

Биогендік минералды элементтар тіршілікке қажетті түрлі қосындылар құрамына еніп (мысалы, кальций - сүйекке, фосфор - аденозинфосфорлы қышқылдарда, темір - гемоглобинде, кобальт - цианкобалибинде, йод – тироксинде және т.с.), алмасу кезінде өзіне тән қызмет атқаратындықтан азықтармен (қосындылармен) организмге мұқтаждығына қарай жеткізулері шарт.






Сонымен қатар олардың алмасуы өзара қатынастарына (бірбірінің сіңіріліп, игерілуіне себептесетін синегтистік немесе керісінше кедергі туғызатын антогонистік) тығыз байланыста болғандықтан, минералды элементтердің жеткіліктілігімен қатар, арақатынасын да бақылайды. Мысалы, кальций мен фосфор ара қатынасы 2:1, натрий мен калий ара қатынасы 0,4-0,5 болса ғана олардың игерілуіне қолайлы жағдай туады



Әр түрлі органикалық қосындылар құрамына енуімен қатар, минералды элементтер организмде зат алмасуына (тотығу-тотықсыздандыру реакцияларының түбегейлі жүруіне) қолайлы біркелкілік жағдай - гомеостаз туғызады. Макроэлементтердің тұздары, йондары организмнің сұйық ортасында клеткалық алмасуға әсер ететін осмостық, буферлік (орта қышқылдылығын сақтаушылық) жағдайларға әсер етеді. Бұл тұрғыдан қарап ең алдымен азық (рацион) күлінің реакциясын айқындайтын қышқылдық (Р, С) және сілтілік (С, К, А, М) макроэлементтердің грам-эквиваленттік қатынасын анықтайды



Макроэлементтермен қатар мал азығында микроэлементтер де жеткілікті болуға тиіс. Бұның, әсіресе кейбір аймақтардың биосферасында микроэлементтердің жетіспеушілігі байқалатын Қазақстан үшін маңызы зор, шаруашылық азықтары құрамындағы микроэлементтер көлемі олардың сыртқы ортада жетіспеушілігінен туатын аурулар (эндемиялар) жоқ өңірдің мал азығындағы микроэлементтер мөлшеріндегідей және сондай ара қатынаста болуын қамтамасыз еткен жөн.



Жайылым отының әр 1 кг кұрғақ затында темір – 100 мг, мыс - 6,2, мырыш - 24,0 мг, марганец - 50,0 мг, кобальт - 3,2 мг, йод-0,20 мг шоғырланып, олардың йодтағы қатынасы -темірдікі - 200, мыстікі - 31, мырыштікі - 120, маргенецтікі - 250, кобальттікі - 1,16 аралығында болады.



Назарларыңызға  
рахмет!